

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 20 қыркүйектегі N 1418 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 20 қараша N 1758

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының құрылымын жетілдіру және олардың құзыретін нақтылау жөніндегі шаралар туралы" 1999 жылғы 13 қазандағы N 235 U990235_ жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Бір жағынан Қазақстан Республикасы мен екінші жағынан Еуропалық Қоғамдастықтар мен оған мүше мемлекеттердің арасындағы Ынтымақтастық кеңесі мен Ынтымақтастық комитетінің қазақстандық бөліктерін құру туралы" 1999 жылғы 20

қыркүйектегі N 1418

P991418_

қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мына орталық атқарушы органдардың бірінші басшылары деңгейінде бір жағынан Қазақстан Республикасы мен екінші жағынан Еуропалық Қоғамдастықтар мен оларға мүше мемлекеттердің арасындағы Ынтымақтастық кеңесінің (бұдан әрі - Кеңестің) қазақстандық бөлігі құрылсын:

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі;

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі;

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі;

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі;

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі;

Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі;

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі;

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі;

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі;

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі;

Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі;

Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі;

Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі;

Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі;

Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу, бәсекені қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алулар жөніндегі агенттігі.

Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі агенттігі;

Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі агенттігі.

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау істері жөніндегі агенттігі;

Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі;

Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі.

Қазақстан Республикасының Кеңестің кезекті мәжілісіне баратын қазақстандық делегацияның құрамы мәжілістің күн тәртібі мен қаралатын мәселелерге байланысты ж а с а қ т а л а т ы н б о л с ы н " ;

2) 2-тармақтағы "Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің

орынбасары - Қаржы министрі Ораз Әлиұлы Жандосов" деген сөздер

"Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Александр Сергеевич Павлов" деген сөздермен алмастырылсын;

3) 3-тармақтың екінші абзацындағы "Ерлан Әбілфайызұлы Ыдырысов" деген сөздер "Әділ Құрманжанұлы Ахметов" деген сөздермен алмастырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ